

ЮРИДИКАЛЫК ИЛИМДЕР**ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ****LEGAL SCIENCES***Абулкаирова Б.Т.***БАЛАНЫ АЛМАШТЫРУУ: АКТУАЛДУУ МАСЕЛЕЛЕРИ
ЖАНА АЛАРДЫ ЧЕЧҮҮ ЖОЛДОРУ***Абулкаирова Б.Т.***БАЛА АУЫСТЫРУУ: ӨЗЕКТИ МАСЕЛЕЛЕРИ
ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШҮ ЖОЛДАРЫ***Абулкаирова Б.Т.***ПОДМЕНА РЕБЕНКА: АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ***B. T. Abulkairova***SUBSTITUTION OF A CHILD: CURRENT PROBLEMS
AND WAYS TO SOLVE THEM**

УДК: 340

Бул макалада баланы алмаштыруу менен байланышкан укуктарынын бузулушунун эң маанилүү аспекттери талданат. Баланын жаза-укуктук, ошондой эле бала алмаштыруу курамынын криминологиялык аспекттери белгиленүүдө. Белгилей кетсек, укук бузуунун башкы курмандыгы балдар, жана жабыркагандар ата-энелери болушу мүмкүн. Атап айтканда, бала (балдар) кылмыштын түздөн-түз курмандыгы болуп саналат, ал эми анын ата-энеси кыйыр түрдө болуп саналат. Автор кичинекей ымыркай – ымыркайдын курмандыгына өзүнүн көңүлүн бурууну чечти. Анткени, бул укук бузуулар көбүнчө өзүн толугу менен коргой албаган алсыз топторго багытталган. Макалада ошондой эле үй-бүлөгө жана жашы жете электерге карата укук бузуулар менен байланышкан ченемдерди өркүндөтүү маселелери да көрсөтүлгөн. Бул макалада баланын укуктарынын сакталышын камсыз кылуу жана аларды коргоо боюнча толук маалымат берилет.

Негизги сөздөр: алдын алуу, үй-бүлө, жашы жете электер, ымыркайлар, төрөгөн аялдар, бала, баланын укугу.

Карастырылып отырган макалада бала ауыстыруу кұқықбузушылыгының ең бір маңызды аспектилери карастырылган. Бала ауыстыруу кұрамының кылмыстык – кұқықтык, сонымен қатар, оның криминологиялық тұстары да атап өтилген. Кұқықбузушылықтың басты жәбәрленушісі – балалар болып табылатындығы, сонымен қатар, ата-аналар да зардап шегушілер болуы мүмкін екендігі айтылып өтилген. Атап айтсақ, бала (балалар) кұқықбузушылықтың тура қурбаны, ал ал олардың ата-анасы (ата-аналары) жана қылмыс қурбаны болып табылуы мүмкін.

Автор басты назарын кішкентай жәбәрленуші – жаңа туылған сәбиге аударуды жөн көрді. Өйткені, аталған кұқықбузушылық көбінесе өз-өздерін толыққанды қорғай алмайтын сол әлсіз топтарға бағытталады. Макалада сонымен қатар, отбасы мен кәмелетке толмағандарға қарсы кұқықбузушылықтарға байланысты нормаларды жетілдіру маселелері атап өтілді. Бала кұқықтары және оларды қорғау жөнінде толық ақпарат берілді.

Кілт сөздер: алдын алу, отбасы, кәмелетке толмағандар, жаңа туған нәрестелер, босанушы әйел, бала, баланың кұқығы.

В данной статье анализируются наиболее важные аспекты нарушения прав ребенка, связанные с его подменной. Отмечаются уголовно-правовые, а также криминологические аспекты состава подмены ребенка. Отмечается, что главными потерпевшими являются дети, причем пострадавшими могут быть и их родители. В частности, ребенок (дети) является прямой жертвой преступления, а его родители (родитель) косвенными. Автор в данной статье заостряет свое внимание на маленьком пострадавшем, то есть на новорожденном ребенке. Ведь данное правонарушение зачастую направлено именно на такую уязвимую часть населения, которые не могут полноценно защитить себя. В статье также отмечены вопросы совершения норм, связанные с правонарушениями в отношении семьи и несовершеннолетних. В статье дана полная информация по обеспечению сохранности прав ребенка и их защите.

Ключевые слова: профилактика, семья, несовершеннолетние, новорожденный, роженица, ребенок, права ребенка.

The article deals with the most important aspects of the violation of the rights of the child. Criminal-legal, as well as criminological aspects of child maintenance are noted. It is noted that the main victims of the offense are children, and the victims may be parents. In particular, a child (children) may become a direct victim of an offense, and his parents (parents) "a victim of a crime. The author decided to turn his attention to a small victim-a newborn. After all, this offense is often directed at those weak groups that can not fully protect themselves. The article also highlights the issues of improving the norms related to offenses against the family and minors. Full information on the rights of the child and their protection is given.

Key words: prevention, family, minors, newborn, woman in labor, child, child rights.

«Бала ауыстыру құқықбұзушылығы – отбасы мен көмөлетке толмағандардың мүдделеріне карсы бағытталған қасақана нысанда жасалатын, ал ауырлататын құрамы пайдакүнемдік немесе өзге де ұждандық пиғылдармен жүзеге асырылатын құқыққа қайшы әрекет болып есептелінеді» [1, с. 443].

Бала ауыстыру құқықбұзушылығы барлық дерлік мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларында қарастырылған, қоғамда үлкен резонанс тудыратын, саралау қиындығымен сипатталатын құқыққа қайшы әрекеттердің бірі болып табылады. Қарастырып отырған құқықбұзушылық негізінен латентті қылмыстық құқықбұзушылықтардың бірі болғандықтан көп жағдайда белгілі бір аймақта, белгілі бір мемлекетте заңдылықтың бұзылуына алып келеді.

Ресми емес статистика мәліметтеріне сүйенсек, Мәскеу қаласында 10000 сәби дүниеге келсе, оның төртеуі ауыстырылған болып саналады. Яғни, жаңадан туылған сәбилердің 6%-ы перзентхана үйлерінің медицина қызметкерлерінің немқұрайлы қатынастарының негізінде жүзеге асырылатындығы анық [2].

Ал АҚШ-та медициналық мекемелердегі идентификацияның қиын түрлерінің болуына қарамастан жыл сайын 500 000-ға дейінгі жаңадан туылған сәбилер өзге ата-аналармен үйлеріне қайтады, яғни, жаңадан туылған сәбилердің ауысуы орын алады. Жоғарыда көрсетілген мәліметтердің болуына қарамастан 1995-2008 жылдар аралығында АҚШ-та жаңадан туылған сәбилердің ауысуының 8 түрі ғана іс жүзінде тіркелген [3].

Бұны біз АҚШ-тағы бала ауыстыру қылмыстық іс-әрекетіне қарсы іс-қимылдың сол мемлекетте лайықты деңгейде жүзеге асырылып жатқандығының көрінісі деп білеміз.

Негізінен алғанда қарастырылып отырған қылмыс нәтижесінде жалғыз баланың ғана мүддесіне зиян келмейді, ауыстырылған екі бала да қылмыс

құрбаны болып есептелінеді. Сонымен қатар, отбасы мүшелерінің барлығы дерлік (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі және де өзге туыстары) зардап шегеді [4, с. 212].

Осы орайда құқықбұзушылық негізінде баланың шығу тегі бұрмаланып, отбасы мүдделері аяққа тапталды.

Басқа ғалымдардың пікірі бойынша баланы ауыстырған кезде зардап шеккендер болып ауыстырылған балалардың ата-аналары деп санайды. Ал егер ауыстыру жағдайында ата-аналардың бірі ауыстыру туралы білмейтін болса, онда бала мен сол отбасы құрбан болады, егер құқықбұзушылық үшінші тұлғамен жасалса, онда ауыстырылған екі бала да, олардың екі ата-анасы да құқықбұзушылықтың жәбірленушісіне айналады [5, с. 84-85].

Көптеген зерттеуші-ғалымдарын ой-пікірлерін қорытындылай келе, бала ауыстыру құқықбұзушылығының басты құрбандары мен жәбірленушілері ретінде көп жағдайларда ауыстырылған балалар мен олардың ата-аналары, туыстары танылады десек қателеспейміз деп есептейміз. Ауыстырудың тікелей құрбаны, не десек те, сөзсіз бала болып табылады, өйткені оған көп жағдайда қылмыс нәтижесінде орны толмас физикалық және психикалық азап келтіріледі. Негізінен алғанда зардап шегушінің бойында қорқыныш сезімі, ашу-ыза, ұят, өзін-өзі кінәләу, шарасыздық, депрессия орын алуы мүмкін. Осы құқықбұзушылық арқылы адамдардың, әсіресе балалардың негізгі құқықтары бұзылады (жеке, мәдени, әлеуметтік-экономикалық, саяси). Ол құқықтардың қорғалуын қамтамасыз ететін ҚР-дағы бала құқықтары бойынша Омбудсманның қызметін жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру қажет. Олар өз қызметінде тәуелсіздік, құпиялылық, дербестілік, адалдық деп аталатын басты қағида-негіздерді басшылыққа алуы тиіс.

Бала құқығын қорғау – бұл балалардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау үшін жағдайлар жасауға бағытталған мемлекетпен, құқыққорғау органдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен, қоғаммен, сонымен қатар, халықаралық ұйымдармен, қамқоршылық пен қорғаншылық органдарымен жүзеге асырылатын әдіс-тәсілдердің тұтас жүйесі болып табылады.

Негізінен алғанда баланың құқықтарының ғана емес, жүкті әйелдердің, босанушы және босанған әйелдердің құқықтарының да сақталуы, біздің ойымызша, бала ауыстыруды ауыстыруды алдын алу негізі болып табылады деп есептейміз. Сонымен қатар, жоғарыдағы босанушы, жүкті әйел және босанған әйелдердің түсініктерінің анықтамасын заңнамалық

тұрғыда көрсету қажет деп есептейміз. Осы орайда ана мен бала құқықтарының толыққанды қорғалуын қамтамасыз ететін арнайы орган құру қажет деп есептейміз. Осыған байланысты ҚР негізгі заңының 27-бабының 1 бөлігіне төмендегідей өзгеріс енгізу қажет деп есептейміз: «...Мемлекет әйелдердің жүктілік кезінде, босану кезінде және босанудан кейін ерекше қорғалуын қамтамасыз етуі қажет». Кез келген әйел, әсіресе жүкті әйел, босанушы және босанған әйелдер өздерінің құқықтарын білуі абзал. Осы орайда нақтылап кетсек, тек өз құқықтарын білген әйел ғана өзінің және өзінің баласының құқықтарын қорғай алатындығын айта кеткен жөн. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында кеңес кезеңіндегі секілді (ҚазКСР-нің 127 - бабы) жүкті әйелдер мен емізулі баласы бар әйелдердің құқығын қорғауға бағытталған норма болуы қажет деп есептейміз. Сонымен қатар, Қазақстанда АҚШ-тағы секілді әйелдерге, отбасы мүшелеріне қажетті құқықтық, медициналық және өзге де мәліметтерді ұсынатын ғаламтор желілері болғаны абзал деп есептейміз. Осы орайда басты басымдықты босандыру мекемелерін халықаралық деңгейдегі үлгіге жеткізу мәселелерін алдыға мақсат етіп қойған дұрыс деп есептейміз. Сонымен қатар, медицина қызметкерлерінің, әсіресе перзентхана үйлері қызметкерлерінің «қауіпсіз ана болу» бойынша білімдерді қамтуын алғышарт ретінде қамту қажет. Біздің ойымызша, аналардың құқығының сақталуы үшін елімізде жүкті әйелдердің, босанушы мен босанған әйелдердің құқықтары толық қамтылған арнайы заң болу қажет.

Жалпы алғанда бала ауыстырудың тарихына үніле кетсек, ол негізгі төрт кезеңді қамтиды:

- 1845-1959 жылдар аралығы;
- 1959-1997 жылдар аралығы;
- 1997-2014 жылдар аралығы;
- 2014 жылдан қазіргі кезеңге дейінгі уақыт аралығы.

Бірінші кезең қазақ мемлекеттілігінің Ресей империясының қол астына енуі уақыт аралығынан бастау алады. Осы уақыт аралығы ішінде адам ұрлау мен бала ауыстыру үшін алғаш рет қылмыстық жауапкершілік енгізілген. Келесі кезең 1959 ж. ҚазКСР ҚК-нің қабылдануымен байланысты. Аталған кодексте «адам ұрлау мен бала ауыстыру» үшін жазалау санкциясы қарастырылған. Аталған құрамдар тек 1987 жылы екі бөлікке бөлінген: адам ұрлау (ҚК-тің 116 бабы, бала ауыстыру (ҚК-тің 116-1 бабы). Үшінші кезең Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуынан кейінгі алғаш қылмыстық заңнаманы қабылдауы, яғни 1997 жылдан басталады. Көрсетіліп отырған қылмыстық

заңнамада қарастырып отырған қылмыстық құқықбұзушылық құрамымыз 134 бапта көрініс тапқан. Осы орайда ең соңғы кезең 2014 жылы жаңадан қылмыстық заңнама қабылдаған сәттен басталған. Ол ҚК-те бала ауыстыру құрамы 136 –бапта қарастырылған. Қоғам өзгеруі, біз білеміз, әдетте заңнаманың өзгеруіне алып келеді. Аталған құрамдағы негізгі өзгеріс жазалау санкциясының 2000 АЕК –те дейін өсуінде болып табылады.

Біздің ойымызша, ҚР ҚК-нің 2 тарауын «Кәмелетке толмағандар мен отбасы мүшелеріне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар» деп өзгерту біздің ойымызша, орынды болып табылады. Өйткені, тек сол кезде ғана нормалардың кезектілігі сақталады. Негізінен алғанда түрлік объектілеріне байланысты аталған тарауды екіге бөлу қажет деп есептейміз: 1) кәмелетке толмағандардың адамгершілік жағынан және физикалық тұрғыда дұрыс дамуына негізделген құқықбұзушылықтар (ҚК-тің 132-135 баптары, 140-144 баптары); 2) отбасы мүшелеріне қарсы бағытталған құқықбұзушылықтар (ҚК-тің 136-139 баптары). Сонымен қатар, біздің ойымызша, құқықтық қорғаудың ерекше объектісі ретінде кәмелетке толмағандардың мүдделерін қарастырып, оны заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет деп есептейміз (ҚР ҚК-тің 2-бабының 1-тармағы). Біздің ойымызша, ҚК-тің 140-142 баптары да белгілі бір дәрежеде отбасының мүдделеріне зиян келтіретіндігін атап өту қажет. Осы орайда ҚК-тің 136-139 – баптарын отбасына қарсы құқықбұзушылықтарға жатқызу, кәмелетке толмағандардың мүдделеріне зиян келтірмейді дегенді білдірмейді. Себебі, отбасына келтірілген зиянның кәмелетке толмағандардың мүддесіне зиян келтірмеуі мүмкін емес болып табылады. Сонымен қатар, отбасына қарсы қылмыстардың ішіндегі 139 бапты төмендегідей редакцияда ұсынған жөн деп есептейміз. Осылайша, «139 бап. Балаларды күтіп-бағуға арналған қаражатты тәркілеу жөніндегі міндеттерді орындамау.....». Осы нысанда жазудың негізгі себебі, біздің ойымызша, 139 - бапта төлеу жөнінде сөз етіліп тұрған жоқ, сот шешімінің негізінде орындалмаған алименттік міндеттемелерді төлемегендігі жөнінде айтылып тұр. Өйткені, төлеу, әдетте ерікті түрде, келісім негізінде жүзеге асырылады. Ал енді ҚК-тің 138-бабы «Бала асырап алу құпиясын жария ету» біздің ойымызша, «Асырап алынған бала үшін ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет...» деген саралаушы белгіні қажет етеді. Өйткені, бала асырап алуды жария етудің бала үшін де отбасының басқа мүшелері үшін де бала ауыстыру құрамы сияқты орасан зор зардабы бар болып табылады.

Сонымен қатар, ҚК-тің 140-бабының диспозициясындағы «тиісінше орындамау» сөзін алып тастау қажет деп есептейміз. Өйткені, ол терминнің нақты шекарасы заңнамада белгіленбеген. Сонымен қатар, аталған құқықбұзушылық үшін жүргізілген сауалнамалар нәтижесі көрсеткендей аталған құқықбұзушылық үшін жауапкершілікті қатаңдатқан дұрыс деп есептейміз. Яғни, біздің ойымызша, бас бостандығынан айыру жазасы көзделуі тиіс. Автор сонымен қатар, ҚК-тің ерекше бөлімінің 2-тарауына ҚК-тің 122, 124-баптарын қосқан орынды болып табылады деп ойлаймыз. Өйткені тек сол кезде ғана балалардың құқығы басым бағытта қорғалатыны анық.

Бала ауыстыру қылмыстық іс-әрекетін айтқанда шетелдік тәжірибенің де маңызы зор екендігін айта кету керек. Жалпы алғанда қарастырылып отырған құқықбұзушылықтың тікелей объектісі болып отбасы мүшелері мен баланың отбасында өмір сүруі мен тәрбиеленуін, ата-анасын білуін, олармен тәрбиеленуін, өз кезегінде ата-аналардың да балаларымен айрылыспау құқығын қамтамасыз ететін туыстық қатынастар, яғни қандас туыстық қатынастар мен заңи құқықтық қатынастар құрайды. Осы құқықбұзушылық әкенің әкелік құқығы мен ананың аналық құқығына да зиян келтіреді. Қарастырылып отырған қылмыстық іс-әрекет негізінен алғанда жаңадан туылған сәбиге қарсы белсенді іс-қимыл арқылы жүзеге асырылады. Бір жаңадан туылған сәбиді екінші жаңадан туылған сәбиге ауыстыру арқылы немесе нәрестелердің идентификациялық құралдарын ауыстыру, оларды ұрлау, жою арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қарастырылып отырған құқықбұзушылық аралас жолдармен, яғни, жаңадан туылған сәбилерді бір мезгілде ауыстыру арқылы және олардың идентификациялық құралдарын да ауыстыру тәсілдері арқылы жүзеге асырылып та жатады.

Біз қарастырып отырған ҚК-тің 136-бабының диспозициясын өзгерту қажеттілігі туындап отыр деп есептейміз. Өйткені, аталған құрамда біздің ойымызша, жаңадан туылған екі сәби ауыстырылады деп тұжырымдауға болады. Яғни, аталған баптың диспозициясын келесідей нысанда жазған дұрыс: «Жаңадан туылған бір сәбиді басқа сәбимен қасақана ауыстыру». Бапты осылай көрсету арқылы екі сәбидің құқығына нұқсан келтірілетіндігін сөзсіз аңғаруға болады. Осы орайда кейбір мемлекеттерде, мәселен Голландияда сәби түгілі эмбриондарды ауыстыру әрекеттері болғандығын атап өтуіміз қажет. Атап кетсек, қарастырылған қылмыстық құқықбұзушылық құрамы созылмалы сипатқа ие болып табылады. Өйткені, көбінесе бірнеше жылдарды араға салып бірақ жария

болып жатады. Осы себепті де құқықбұзушылар жауаптылыққа тартылмай жатады. Соған байланысты осы санаттағы коллизиялық істерді шешу мақсатында Жоғарғы Сот қаулылары болуы тиіс деп есептейміз. Негізінен алғанда бала ауыстырудың субъектілерінің шеңбері өте кең болып есептелінеді. Өйткені, ол жаңадан туылған сәбидің анасымен, оның өзге туыстарымен, медициналық ұйымдардың қызметкерлерімен жасалуы мүмкін. Яғни, арнайы субъект пен жалпы субъект қатар жүреді. Сонымен қатар, аталған құқықбұзушылық өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып, адамдар тобымен іске асырылуы мүмкін. Оны саралаушы құрамдардың қатарына қосу қажет деп есептейміз.

Субъективтік жағы, әдетте, біздің ойымызша екі нысанда жасалады. Кінәлі тұлға, әдетте, әртүрлі мотивтерді басшылыққа алады: пайдакүнемдік, дені сау баланы иемдену, тиісті жыныстағы балаға ие болу, басқа құқықбұзушылықтардың ізін жасыру және т.б. Біз көптеген ғалымдардың пікірін ескере келе, сонымен қатар, отандық және өзге елдердің қылмыстық заңнамаларын қарастыра келе ҚР ҚК-тің 136-баптың 2-бөлігін «пайдакүнемдік немесе өзге де жеке мүдделіліктен» деп ауыстырған жөн деп санаймыз. Сонымен қатар, біздің ойымызша, абайсызда бала ауыстырғаны үшін де жауапкершілік ҚК-тің 136-1 бабында қарастырылу қажет. Алайда ол жауапкершілік тек арнайы тұлғаларға қатысты болуы қажет. Оларға медицина, тәрбие, білім беру, сонымен қатар өзге де ұйымдардың қызметкерлері кіруі қажет. Автордың ойынша қарастырылып отырған бапқа Армениядағы секілді осы құқықбұзушылық үшін қолданылатын нормаларды қолдану қажет деп есептейді [6].

Негізінен алғанда ҚК-тің 136-бабының 2-бөлігінің саралаушы құрамдары ретінде жоғарыда аталғандардан басқа келесілер көрсетілуі тиіс: екі немесе одан да көп жаңадан туылған сәбилерге қатысты; жәбірленушінің органдары мен тінін трансплатациялау не болмаса өзге де пайдалану мақсатында орын алса; сонымен қатар, қоғамға жат қылықтарды жүзеге асыру үшін ауыстырылса, проституциялық қызмет үшін жасалса, шетел асырып сату үшін жасалса; бірнеше рет және т.б. Сонымен қатар, жасалған іс-әрекет абайсызда сәби өліміне әкелсе, не болмаса, басқа да зардаптар туындатса, сонымен қатар, қылмыстық топпен жасалса, оны аса саралаушы құрам деп тануымыз қажет.

Қарастырылып отырған құқықбұзушылықтың криминологиялық аспектілеріне келсек, оның детерминанттары болып адамгершілік-психологиялық, экономикалық, ұйымдық – басқарушылық, сонымен

катар, элеуметтік факторлардың негізінде жүзеге асырылады деп қарастырылады.

Өз кезегінде медицина саласының мамандарымен қарастырылып отырған қылмыстық іс-әрекет келесі мән-жайларға (себептерге) байланысты жүзеге асыуы мүмкін: біріншіден, босандыратын мекемелердегі техникалық жабдықтаудың және жұмыс жағдайының лайықты деңгейде болмағандығынан, екіншіден, медицина саласы мамандарының дайындықтарының төмендігі салдарынан, үшіншіден, медициналық технологияларды қолданудағы қателіктер салдарынан да болуы мүмкін. Осы орайда біз зерттеп отырған қылмыстық іс-әрекеттің негізгі детерминанттары болып отбасының төмен тұрмыстық жағдайы, тиісті деңгейде кадрлық қамтамасыз етудің болмауы, сонымен қатар, медициналық саладағы мамандардың моральдық-рухани тұрғыда азуы, лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық жасауға бейім мінездерінің болуы, қоғамға жат қылықтарды жасауға бейімділігі, құқықтық нигилизм танылады.

Бала ауыстыруға қарсы іс – қимыл – ол отбасының, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, бала ауыстырудың туындауының басты себептерін тоқтатуға бағытталған іс-шаралардың кешені деп түсінеміз. Бала ауыстыруды алдын алу оның детерминанттарын жою арқылы белгілі бір ұйымдармен жүзеге асырылады. Қарастырылып отырған құқықбұзушылықты алдын алу үшін төмендегідей іс-әрекеттер жүзеге асырылуы қажет: босандыру мекемелерінде жаңадан туылған сәбилердің, сонымен қатар, олардың аналарының және де серіктестерінің бір-біріне сәйкес келетін жаңа нысандағы идентификациялық білезіктермен қамтамасыз етілуі, сонымен қатар, ана

мен баланың ауыстырылмауын қадағалайтын қажетті технологияларды қолдану, бақылауды күшейту, дыбыстық сигналдарды орнату, ана мен баланы, медицина саласының мамандарын веб-бақылау, серіктесті тууды заңнамалық тұрғыда міндетті ету, босанған әйел мен жаңадан туылған сәбиді ДНК бойынша тестілеу қажет деп есептейміз. Сонымен қатар, сол қатынастарды қамтитын лайықты заңнама болуы қажет деп ойлаймыз. Әдетте аталған құқықбұзушылықты алдын алу мақсатында сапалы қызмет көрсетілуі қажет деп есептейміз. Сонымен қатар, әр ана өзінің ішкі аналық сезіміне де назар аударуды ұмытпағаны абзал. Еліміздегі перзентхана үйлерін тек қала шеңберінде ғана емес, ауылды аймақтарда да ұлғайту қажет деп есептейміз. Сонымен қатар болашақ ата-аналарға босану барысында өте қажетті мәліметтерді қамтитын курстар қажет деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Барихин А.Б. Большой юридический энциклопедический словарь [Текст] / А.Б. Барихин. - М.: Книжный мир, 2002. - 720 с.
2. Substitution of a Child. Available from: <http://www.ponahalit.co.uk/> [accessed on November 28, 2013].
3. Babies Switched at Birth: Should You be Concerned?// <https://dnacenter.com/blog/babies-switched-at-birth-should-be-concerned>.
4. Романчук И.О. Уголовно-правовая характеристика потерпевшего от преступления, предусмотренного статьей 148 УК Украины С. 209-222.
5. Колмакова О.С. Преступления, посягающие на права ребенка в сфере семейных отношений: дис. ... канд. юрид.наук. - М., 2004. - 197 с.
6. Уголовный кодекс Республики Армения (spinform.ru)